

Банктік емес ұйымдардың 2007 жылғы 1 желтоқсанға ағымдағы жағдайы

2007 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша республикада банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын 34 ұйым, оның ішінде қолданыстағы лицензия негізінде 11 ипотекалық ұйым жұмыс істейді.

№	Ұйымның атауы	01.01.2007	01.12.2007
1	Ипотекалық ұйымдар	10	11
2	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдар оның ішінде брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар	16	23
	Жиынтығы	26	34


Ипотекалық ұйымдар

Активтер. 2007 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың активтерінің жиынтық мөлшері алдыңғы аймен салыстырғанда 1,4%-ға және ағымдағы жылдың басынан бастап 48,3%-ға өсіп, 187 730,8 млн. теңгені құрады.


Ипотекалық ұйымдардың активтерінің жалпы сомасында маңызды үлесін заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдар құрап отыр – 87,3% (163 956,3 млн. теңге), бағалы қағаздар үлесіне – 6,3% (11 833,6 млн. теңге), басқа банктерде орналастырылған салымдарға 1,6% (2 882,0 млн. теңге), банктердегі корреспонденттік шоттарға – 1,2 % (2 269,6 млн. теңге) келіп отыр.

Ипотекалық ұйымдардың жиынтық активтерінің динамикасы және құрылымы	01.01.2007		01.11.2007		01.12.2007		Алдыңғы айға қарағанда өсім, %-бен
	млн. теңге	жиынтығында %-бен	млн. теңге	жиынтығында %-бен	млн. теңге	жиынтығында %-бен	
Қолма-қол ақша	115,3	0,1	217,9	0,1	246,8	0,1	13,3
Корреспонденттік шоттар	1 634,6	1,3	1 792,8	1,0	2 269,6	1,2	26,6
Бағалы қағаздар	12 783,3	10,1	11 935,0	6,4	11 833,6	6,3	-0,8
Басқа банктерге орналастырылған салымдар	2 550,0	2,0	2 882,0	1,6	2 882,0	1,6	0,0
«Кері РЕПО» операциясы	0,0	0,0	84,0	0,1	1 402,4	0,8	16,7 рет
Клиенттерге берілген заемдар	103 472,4	81,7	163 284,2	88,2	163 956,3	87,3	0,4
Капиталға инвестиция және реттелген борыштар	2 752,6	2,2	245,4	0,1	363,4	0,2	48,1
Негізгі құрал – жабдықтар және материалдық емес активтер	1 007,5	0,8	1 901,1	1,0	1 903,3	1,0	0,1
Басқа активтер	2 238,6	1,8	2 784,6	1,5	2 873,4	1,5	3,2
Барлығы активтер	126 554,3	100	185 127,0	100	187 730,8	100	1,4

01.01.07ж. бойынша ипотекалы? ұйымдарды? активтеріні? құрылымы (%-бен)



01.12.07ж. бойынша ипотекалы? ұйымдардың активтерінің құрылымы (%-бен)




Кредиттік портфель. 1 желтоқсандағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несиелік портфелі өткен аймен салыстырғанда 1,2%-ға және ағымдағы жылдың басымен салыстырғанда 60,6%-ға өсіп, 167 742,0 млн. теңге болды.

Ипотекалық ұйымдардың кредиттік портфелінің құрылымының сапасын талдай отырып, стандартты кредиттердің үлесі ұлғайғаны байқалып тұр. Сонымен 2007 жылдың басында стандартты кредиттердің үлесі 93,8%, 1 қарашада - 94,8% және 1 желтоқсанда - 95,0% болды. Күмәнді кредиттердің үлесі 2007 жылғы 1 қаңтардан 6,0%-дан 1 қарашада - 4,7% кеміп және 1 желтоқсанда 4,6%-ға дейін жетті. 1 желтоқсандағы жағдай бойынша үмітсіз кредиттердің үлесі бұрынғы есептік күндегі деңгейде қалып және ағымдағы жылдың басымен салыстырғанда 20 базистік тармаққа ұлғайып, 0,4% құрағанын атап өткен жөн.

Несие портфелі сапасының динамикасы	01.01.2007		01.11.2007		01.12.2007	
	негізгі борыш сомасы, млн. теңге	% -бен жиынтығы	негізгі борыш сомасы, млн. теңге	% -бен жиынтығы	негізгі борыш сомасы, млн. теңге	% -бен жиынтығы
Несие портфелі барлығы	104 432,9	100	165 728,8	100	167 742,0	100
Стандартты	97 922,0	93,8	157 146,1	94,8	159 362,9	95,0
Күмәнді	6 317,0	6,0	7 860,3	4,7	7 675,0	4,6
<i>1 санатты күмәнді</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	4 797,5	4,6	1 975,3	1,2	1 125,2	1,0
<i>2 санатты күмәнді</i> – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	762,2	0,7	1 976,2	1,2	2 689,9	2,0
<i>3 санатты күмәнді</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	424,9	0,4	1 775,1	1,1	1 625,8	1,0
<i>4 санатты күмәнді</i> - төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	268,4	0,3	1 224,6	0,7	1 328,7	0,8
<i>5 санатты күмәнді</i>	64	0,1	909,1	0,5	905,4	0,5
Үмітсіз	193,9	0,2	722,4	0,4	704,1	0,4

Ипотекалық ұйымдардың несиелік портфелінің динамикасы млрд.теңгемен




1 желтоқсандағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несиелік портфеліндегі 3 ірі ипотекалық ұйымдардың үлесі 99,1% құрады. Олардың ішінде «БТА Ипотека» АҚ - 45,3%, «Қазақстан ипотекалық компаниясы» АҚ - 34,4%, «Астана-финанс» ипотекалық ұйымы» - 19,4%.

Міндеттемелер. Ипотекалық ұйымдардың міндеттемелерінің жиынтық мөлшері ағымдағы жылдың басынан 54 435,1 млн. теңгеге немесе 55,1%-ға және өткен аймен салыстырғанда 2 112,8 млн.теңгеге немесе 1,4%-ға өсті және 2007 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 153 271,8 млн. теңге болды. Бұл ретте, ипотекалық ұйымдардың міндеттемелері құрылымында айналысқа


шығарылған бағалы қағаздар (54,0%-ға) және басқа банктерден алынған заемдар (43,5%-ға) басым болды.

Ипотекалық ұйымдардың жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы	01.01.07		01.11.07		01.12.07		Қткен айға өсім
	млн. тенге	в % к итогу	млн. тенге	в % к итогу	млн. тенге	в % к итогу	
Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асырушы ұйымдар мен басқа банктерден алынған заемдар	27 975,5	28,3	68 529,2	45,3	66 673,7	43,5	-2,7
Бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары	0	0	0	0	0	0	0
Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар	67 581,5	68,4	79 208,4	52,4	82 738,4	54,0	4,5
Басқа кредиторлар	788,2	0,8	942,6	0,6	1 016,6	0,7	7,9
Басқа міндеттемелер	2 491,5	2,5	2 478,8	1,7	2 843,1	1,8	14,7
Міндеттемелердің барлығы	98 836,7	100	151 159,0	100	153 271,8	100	1,4

Структура обязательств ипотечных организаций по состоянию на 01.01.07г. (%)



Структура обязательств ипотечных организаций по состоянию на 01.01.07г. (%)



Кірістілік. 2007 жылғы 1 желтоқсанда ипотекалық ұйымдар кіріс салығын төлегеннен кейін 3 179,7 млрд. теңге мөлшерінде жиынтық таза кіріс алды, (2006 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша – 2 106,8 млн. теңге) бұл өткен жылдың осындай ұқсас кезеңіне қарағанда 50,9%-ға көп және 2007 жылғы 1 қарашадағыдан 241,0 млн. теңгеге көп. Кірістердің жиынтық мөлшері есепті күнге 24 416,8 млрд. теңге болды (2006 жылғы 1 желтоқсанда – 13 801,3 млн. теңге), шығыстардың жиынтық мөлшері – 21 237,1 млн. теңге (2006 жылғы 1 желтоқсанда – 11 694,5 млн. теңге) болды.

млн. теңге

Ипотекалық ұйымдардың кірістілігі млн.теңге	01.12.2006	01.11.2007	01.12.2007	Өткен айға өсімі, %
Сыйақы алумен байланысты кірістер	11 109,6	16 947,1	18 953,1	11,8
Сыйақы төлеумен байланысты шығыстар	6 463,6	10 063,4	11 515,6	14,4
Сыйақы алумен байланысты емес кірістер	2 691,7	5 110,8	5 463,7	6,9
Сыйақы төлеумен байланысты емес шығыстар	5 230,9	9 055,8	9 721,5	7,4

Пайыздық кірістер құрылымында клиенттерге берілген заемдар бойынша (72,0% немесе 17 568,6 млн. теңге) сыйақыны алуға байланысты кірістер біршама көп үлес алды, ал пайыздық шығыстар құрылымында – бағалы қағаздар бойынша (30,2% немесе 6 416,5 млн. теңге) сыйақы төлеуге байланысты шығыстар ең көп орын алады.

Ипотекалық ұйымдардың меншікті капиталы өткен аймен салыстырғанда және ағымдағы жыл басынан 491,1 млн.теңгеге немесе 1,4%-ға және тиісінше 6 741,5 млн.теңгеге немесе 24,3% ұлғайып, 2007 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 34 459,1 млн. теңге болды.

* Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдар есептілікті тоқсан сайынғы негізде береді.

Ақпаратты Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі дайындады.